



Мәдина БАЙМЕНДИНА: «КӨПБАЛАЛЫ ОТБАСЫЛАРҒА ДЕГЕН КӨЗҚАРАС ӨЗГЕРУІ КЕРЕК»



4

BAREKELDI!



ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ – ҚАЙСАРЛЫҚТЫҢ ҮЛГІСІ

Арнайы бөлімшелер арасында Дубай қаласында өткен «UAE SWAT Challenge–2026» халықаралық жарысында Қазақстанның «Томирис» әйелдер құрамасы жоғары кәсібилік даярлықтарын көрсетіп, бірінші орынды иеленді. Әлемнің 40 елінен 109 команда қатысқан жарыста жерлесіміз, полиция капитаны Дарина Билденова тамаша өнер көрсетті.

Ақордада «UAE SWAT Challenge-2026» халықаралық жарысынан жүлделі оралған командаларды салтанатты марапаттау рәсімі өтті. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жеңімпаздарды шын жүректен құттықтап, қазақ жауынгерінің рухы қандай болатынын әлем жұртшылығына паш еткенін, Қазақстанның беделін биікке көтергенін атап өтті.



2



Ерсайын НАҚАСПАЕВ,
Өнеркәсіп және құрылыс
министрі:

«Қазақстандағы зауыттар жыл сайын көлік түрлерін кеңейтетін болады. Жаңа үлгі шыққан сайын көлік бағалары міндетті түрде төмендейді. Мұны мен нақты айта аламын. Біздің автомобиль өндірісіміз қытайлық автомобильдердің бағасын төмендетуге де ықпал етеді».

OBLYSTYQ ÄKIMDIKTE

ТОЗҒАН ЖЕЛІНІ ЖАҢАРТУ ҚАЖЕТ

Облыстық әкімдікте энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының кеңейтілген алқа отырысы өтіп, онда жылу, жарық, сумен жабдықтау желілерін жаңғырту, елді мекендерді абаттандыру, көппәтерлі үйлерді тиімді басқару, қолға алынған жобаларды мерзімінде аяқтау жайы талқыланды.

Облыс әкімі Ғауез Нұрмұхамбетов аталған салада қысқа мерзімді жұмыстардың шеңберінен шығып, жүйелі, стратегиялық міндеттерді жүзеге асыру қажет екенін айтты.

– Басқару жүйесінің жаңа және тиімді моделіне көшуіміз қажет, бұл – уақыт талабы. Басты өлшем қағаз бетіндегі есептер мен көрсеткіштер емес, азаматтардың тұрмыс сапасы болуы тиіс. Ұзақ жылдар бойы маңызды мәселелерді шешудің орнына уақытша түзетумен ғана шектеліп кел-

генімізді Мемлекет басшысы да атап өтті. Бұдан былай біз салдарымен күресуді тоқтатып, себептерді жоюға көшуіміз қажет, – деді Ғауез Торсанұлы.

Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының басшысы Әлішер Беспәев өткен жылғы жұмыстарды қорытындылап, жүзеге асырылып жатқан жобалар туралы баяндады. Басқарма басшысының сөзінше, былтыр су желілерінің құрылысы мен жөндеуге 74 млрд. теңге қаржы бөлінген. Нәти-

жесінде сумен жабдықтау бойынша 31 жоба аяқталған. Топтық су құбырын жаңғырту бойынша 6 жоба қаржыландырылған. 9 ауданда 54 кешенді блок-модульдер орнатылған.

– Өңір үшін жылу желілерінің қалтқысыз жұмысы маңызды. Облыста 484 қазандық жұмыс істейді. Оның 24-і орталықтандырылған болса, қалғаны – автономды. 1454 көпқабатты үйге жылу желілері тартылған.



2

KEREK DEREK

2026 жылғы қаңтарда құрылыс жұмыстарының көлемі 14,4 пайызға өсіп, 172 млрд. теңгені құрады. Республика бойынша құрылыс жұмыстарының жалпы көлемінің 77,5 пайызын – жеке, 20,4 пайызын – шетелдік, 2,1 пайызын мемлекеттік құрылыс ұйымдары орындады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі бекіткен 2026 жылғы 19 ақпандағы валюта бағамдары төмендегідей: АҚШ доллары – 489,3 теңге; еуро – 578,94 теңге; Ресей рублі – 6,38 теңге.

AUYL ŞARUAŞYLYǒY

ҚАЙТАРЫЛҒАН ЖЕРЛЕР – ХАЛЫҚТЫҢ ИГІЛІГІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Жолдауында: «2022 жылдан бері жалпы аумағы 13,5 млн. гектардан астам жер қайтарылды. Бірақ әкімдер соның 6 млн. гектарын ғана жаңа жер игерушілерге бөліп берген. Иесін тапқан жер өндірістің ошағына, инвестиция көзіне, қайнаған еңбектің ортасына айналуы қажет», – деген еді. Осы мақсатта игерілмей бос жатқан және заңсыз алынған ауыл шаруашылығы жерлерін кері қайтарып, оны қайта бөлу, қайтарылған жердің бәрін келесі жылдың ортасына дейін тұрақты айналымға кіргізу тапсырылды. Бұл шара арқылы жайылым тапшылығы мәселесін шешу, осыған орай жерді бөлуге қатысты шешімді цифрлық форматта, электрондық конкурстар арқылы қабылдау міндеттелді.



5